

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті» КЕАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өнірлік университетінің  
Басқарма тәрағасы-Ректор  
Л.Ч.Карабасова

«28» 06 2024 ж.

**РЕСМИ ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРИН ТАНУ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым**

**Ақтөбе, 2024 ж.**

## **ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ**

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.  
Тіркеу оғисінің бастығы Жусупова Г.Т.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «28» 06 2024 ж., хаттама №14)  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің ректорымен  
**БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ**

**ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ** жаңасын ауыстырғанға дейін

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

## **1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ**

1.1 Ресми және бейресми білім беру нәтижелерін тану туралы осы ереже білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарда айқындалған талаптарға сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереже университетте жоғары білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушыларды ресми және бейресми алған білімдері негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібін айқындейды.

## **2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы.

2.2 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.3 Оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйімдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы білім министрлігінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы.

## **3 ГЛОССАРИЙ**

3.1 Ресми білім – бұл «әдейі жүйелі түрде» жүзеге асырылатын жалпы білім беруден жоғары білімге дейінгі барлық деңгейдегі бағдарламалар. Оны белгілі бір ведомство жоспарлайды, үйімдастырады және басқарады және оны оқу орындары (мектеп, колледж немесе университет) қамтамасыз етеді.

3.2 Бейресми білім беру – оқу орнын, мерзімдерін және нысанын есепке алмай және оқу нәтижелерін растайтын құжатты беру қызметтерін көрсету бойынша білім беру қызметтерін ұсынатын, жоспарланған, үйімдастырылған және үйімдарда жүзеге асырылатын білім беру түрі.

3.3 Оқыту нәтижелері – білім алушының (тындаушының) білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімінің, іскерлігінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

## **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Бұл ереже университеттегі білім алушыларға қолданылады:

- орта білімнен кейінгі және жоғары кәсіптік білім базасында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін университетке қабылданғандар;
- бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне аудыстырылғандар;
- университеттен шығарылғаннан кейін қайта оқуға қабылданғандар;
- басқа жоғары оқу орндарынан университетке оқуды жалғастыру үшін қайта қабылданғандар;
- университетте іске асырылатын білім беру бағдарламалары шеңберінде бейресми білім беру нәтижелерін раставтын тұлғалар.

## **5 РЕСМИ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫМЕН АЛЫНГАН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРИН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН РӘСІМДЕРІ**

5.1 Кредиттерді қайта есептеу – бұл алдыңғы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу кезінде білім алушылар өткен оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін, білім беру модульдерін оқыту нәтижелерін тану.

5.2 Кредиттерді қайта есептеу білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру кезінде оларды ресми тану үшін білім беру бағдарламаларының (пәндердің, курстардың, модульдердің) компоненттері бойынша оқу жетістіктерін салыстыруды және қайта есептеуді, білім беру траекториясын, оқу орнын, оқу елін, оның ішінде академиялық ұтқырлық кезінде аудыстыруды қамтамасыз етеді.

5.3 Оқыту нәтижелерін тану техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан ресми білім беру жолымен алынған және ресми білім беретін танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар берген, мысалы, оқуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін академиялық анықтама; мемлекеттік/жеке ұлгідегі диплом және оның қосымшасы; транскрипт. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ААҚ тұлектері үшін оқу нәтижелерін тану атtestat және оның қосымшасы, сертификаттар негізінде жүзеге асырылады.

5.4 Ресми білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тануға білім беру бағдарламасына кіретін білім беру компоненттері үшін рұқсат етіледі: қорытынды атtestаттауды қоспағанда міндettі компонент пәндері, ЖОО компоненті, таңдау бойынша білім беру компоненттері, практиканың барлық түрлері.

5.5 Қорытынды бақылауы емтихан болып табылатын пәндер ғана қайта есептелуге жатады. Қайта есептеу оқу пәнінің атауы мен оның мазмұны бірдей болған кезде, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқытын тұлектер үшін сағаттардың және/немесе кредиттердің жалпы көлемі (кемінде 75%) және/немесе желілік нысан бойынша оқытын сағаттардың жалпы көлемі (кемінде 75%) сәйкес келген кезде жүргізіледі.

5.6 Қайта бағалау оқу басталғанға дейін жүргізіледі. Егер алдыңғы білім туралы ұсынылған құжатта сағат көрсетілмесе, пәнді қайта тапсыру туралы

шешім жеке қабылданады және қолданыстағы бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне негізделеді.

5.7 «Қазақстанның қазіргі тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның қайта есептелуі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша аудиториялық сағаттар немесе кредиттер саны сәйкес келген кезде қорытынды баға болып табылады.

5.8 Жалпы білім беру блогы және элективті пәндер каталогы пәндерінің тізбесі бойынша пәндер оқу жүктемесінің көлемі сәйкес келген және олардың білім беру бағдарламаларының бағытына сәйкес келген жағдайда қайта есептелуі мүмкін.

5.9 Университетте оқу үшін енгізілген пәндер кредиттердің (сағаттардың) бірдей немесе үлкен көлемімен алдыңғы білім беру блогының мазмұны бойынша сабактас пәндермен қайта есептелуі мүмкін.

5.10 Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін қайта тапсырған білім алушылар тиісті пәнді қайта оқудан босатылады.

5.11 Ресми түрде білім беру пәндерін қайта оқу үшін университет ректорының бұйрығымен комиссия құрылады.

5.12 Комиссия студенттің алдыңғы ресми білім туралы құжаттарының негізінде:

- оқудың алдыңғы кезеңінде студент оқыған оқу пәндерінің тізбесін (олардың сағаттарының көлемін, бақылау нысанын) дайындықтың тиісті бағыттары үшін бакалавриаттың немесе магистратураның білім беру бағдарламаларында қамтылған пәндер тізбесімен салыстырады;

- қайта есептеу туралы шешім қабылдауға болатын пәндер тізбесін айқындайды;

- білім беру бағдарламасының пәндері бойынша әрбір білім алушы үшін қайта есептеудің сәйкестендіру ведомосін жасайды, ол бойынша кейіннен тиісті шешімдер шығарылады;

- білім алушыны білім беру процесі басталғанға дейін қайта есептеу шарттарымен таныстырады.

Хаттаманың және білім алушының сәйкестендіру ведомосінің негізінде қайта есептеу пәндері бойынша бағалау білім алушының транскриптіне енгізіледі.

5.13 Комиссия шешімі хаттама нысанында ресімделеді және төраға, комиссия мүшелері қол қояды.

5.14 Хаттама білім алушының транскриптіне енгізу үшін тіркеу офисіне беріледі.

5.15 Білім алушы келесі семестрлерде қайта есептелген білім беру компоненттерін оқудан босатылады.

## **6 БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛЫМЕН АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРИН ТАНУ ТӘРТІБІ МЕН РӘСІМДЕРІ**

6.1 Бейресми білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану білім беру бағдарламасына кіретін білім беру компоненттері үшін рұқсат етіледі.

6.2 Бейресми білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану міндettі компонет, жоғары оқу орнының компонент пәндеріне де, таңдау бойынша білім беру компоненттеріне де, қорытынды аттестаттауды қоспағанда, практиканың барлық түрлеріне де қолданылады.

6.3 Білім беру компоненті тек толық көлемде қайта есептелуі мүмкін.

6.4 Бағдарламалар көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында - 24 академиялық сағат және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында - 30 академиялық сағат қабылданады.

6.5 Бейресми білім берудің оқыту нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәннің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асыру.

6.6 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы №39 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 болып тіркелген) сәйкес нысан бойынша берілетін кәсіптік даярлық туралы куәлік бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін растайтын құжат болып табылады. Бағдарламаның оқытылған курстары, оқу пәндерінің (модульдерінің) атауы, олардың көлемі (академиялық кредиттерде және (немесе) сағаттарда) және бағалары көрсетілген куәлік еркін нысанда және қосымшасы бар болады.

6.7 Бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану үшін университет ректорының бұйрығымен бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссия (төраға, комиссия мүшелері, хатшы) және оның құрамы құрылады. Комиссия 7 адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

6.8 Комиссия төрағасы комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, комиссия отырыстарын өткізеді.

6.9. Бейресми білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тану үшін білім алушы академиялық кезең басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын комиссия төрағасының атына бейресми білім беру жолымен алынған оқу нәтижелерін тану туралы өтініш жазады. Өтінішке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, бейресми білім беруді оқыту нәтижесін растайтын құжат (куәлік) қоса беріледі.

6.10 Алынған құжаттарды комиссия үш жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

6.11 Сараптама тобының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар кіреді.

6.12 Сараптама тобы 5 (бес) жұмыс күні ішінде бейресми білім беруді оқыту нәтижелерінің білім беру ұйымының білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі түрғысынан құжаттарды қарайды.

6.13 Қарау нәтижелері бойынша бейресми білім беруді оқыту нәтижелерінің білім алушы менгеретін білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлемі мен бағалауға сәйкестігін міндettі бағалаумен сараптамалық қорытынды жасалады.

6.14 Сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін комиссияға беріледі.

6.15 Комиссия шешімі отырысқа қатысатын комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

6.16 Менгерілген оқу пәндерін, атауы көрсетілген бағдарламаларын, академиялық кредиттердегі көлемін, бағалары және бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін білім алушының транскриптине қайта есептеу туралы мәліметтерді енгізу үшін Комиссия отырысының хаттамасынан көшірмені комиссия хатшысы тіркеу офисіне береді.

6.17 Білім алушы келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін оқудан босатылады.

## **7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

7.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.2 Өзгеріс болған жағдайда университетте күші жойылған ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

## **КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова